

Б.А. Тұрғынбаева¹, Н. Үсенбекова²

^{1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ, Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ МАМАНДЫҚТАР ЖАЙЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай мамандықтар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру және ересектер еңбегі жайлы мағлұматтар беру олардың толыққанды дамуының маңызды шарты болып табылады. Балаларды ересектердің мамандыққа байланысты атқаратын жұмыстарымен таныстыру - ересектер әлеміне ендіріп, мамандық туралы білімді кеңейтетін және жетілдіретін, сондай-ақ лексиканы белсендендіретін маңызды әлеуметтік эмоционалды құрал болып табылады.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға ойын әрекеті арқылы мамандықтар әлемімен таныстырудың кейбір теориялық астарлары, педагогикалық шарттары сипатталып, тәжірибесінен мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: өзін - өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтау, мамандық, ойын әрекеті.

В.А. Turgunbaeva¹, Н. Usenbekova²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF CONCEPTS OF SPECIALTIES THROUGH PLAY ACTIVITIES OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

An important condition for the full development of preschool children is the formation of their initial understanding of the professions in accordance with their age and the provision of information about the work of adults. Familiarization of children with the work of adults related to the profession is an important social and emotional tool that introduces them to the adult world, expands and improves knowledge about the profession, as well as activates the vocabulary.

This article describes some of the theoretical backgrounds and examples from the experience of introducing preschoolers to the world of professions through play.

Keywords: self-determination, professional self-determination, profession, game activity

Б.А. Тургунбаева¹, Н. Усенбекова²

^{1,2}КазНПУ им.Абая,
г.Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О ПРОФЕССИЯХ В ПРОЦЕССЕ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

Важным условием полноценного развития дошкольников является формирование у них первоначальных представлений о профессиях, в соответствии с их возрастом и предоставление информации о труде взрослых. Знакомство детей с трудом взрослых, связанным с профессией, является важным социальным и эмоциональным инструментом, который знакомит их с миром взрослых, расширяет и совершенствует знания о профессии, а также активизирует словарный запас.

В этой статье описываются педагогические условия, некоторые теоретические и практические аспекты введения дошкольников в мир профессий в процессе игровой деятельности.

Ключевые слова: самоопределение, профессиональное самоопределение, профессия, игровая деятельность

Кіріспе. Мектепке дейінгі кезеңнен баланың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырып, мамандық туралы түсінік беру арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу – қазіргі қоғамның талабы.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың жолдарында ағымдағы жағдай және білім беруді дамытуды тежейтін факторларды талдай келе, «бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың ұйымдастырылған бағдарламаларымен нашар қамтылғанын көрсетеді». Аталған кемшіліктерге сай мектепке дейінгі баланың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін дамыту ортасын құратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейінде әрекеттің өзіндік түрлерін, баланың даму бағытын, оның кейінгі мектеп жағдайына бейімделуін қамтамасыз етуі тиіс екендігі көрсетілген [1]. Осы аталғандарды шешудің бірден-бір жолы баланың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырып, мамандықтар жайлы түсінік беру болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы. Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Белгілі психолог Д. Узнадзе: «Ойын артық әл-қуатты сыртқа шығындаудың тәсілі емес, дамудың негізгі бас формасы, қызмет бағытының емін-еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады және әрекеттер ретінде олардың өз бағыты бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар, міне осылар баланы мазмұнды жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді», — деген [2]. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілеріне мамандықтар туралы түсінік ойын арқылы қалыптастыру ең тиімді тәсіл деп санаймыз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мамандықтар туралы түсініктерін қалыптастыру мәселесіне көшпес бұрын осы педагогикалық түйткілдің ғылыми теориялық негізі немесе бастауы тұлғаның өзін өзі анықтауы туралы тоқталуды жөн көрдік. Бұған себеп, мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында [3] көрсетілген мектепке дейінгі білім берудің негізгі қағидаларының бірі - мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасының, қоғамның және мемлекеттің дәстүрлеріне баулу деп көрсетілген. Демек, қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерді олардың жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуына бағыттау тиіс. Бұл жағдайда сөз ерте кәсіби бағдарлау немесе ерте кәсіп таңдау ретінде емес, баланың қоғамға сәтті енуін қамтамасыз ететін және білімнің келесі сатысында оның одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға тікелей немесе жанама түрде әсер ететін тетіктердің ролі ретіндегі баланың құндылық-семантикалық құзіреттілігін қалыптастыру туралы мәселе тұрады.

Адамның кәсіби өмір жолын дұрыс таңдауы, оның қоғамдық құндылығын айқындауымен пара пар. Өйткені, адамның таңдаған еңбек түрі қоғамдық қажеттілік пен адамның әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандырады. Өзінің рухани құндылығын байытып дүниеге көзарасын өзгертеді. Салауатты, бақытты және игілікті өмір сүруге ұмтылдырады. Маманның осы құндылықтары мен өмірлік қоры үздіксіз саналы еңбектенуіне, ізденіс пен шығармашылықта қоғамға үлес қосуға негіз бола алады. Мұндай қасиеттер мектеп оқушыларының, тіпті балабақша тәрбиеленушілерінің еңбекке деген оң қатынастарын орнықтыру, саналы кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби және әлеуметтік өмір жолын таңдау дайындығын педагогикалық үдерісте мақсатқа сай шешу міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Өзін-өзі анықтау қажеттілігі, оның деңгейі қоршаған ортаға, адами қатынастар жүйесіне, адамның жетілуіне, дайындығы мен уәждемесіне байланысты болғандықтан, бұл үрдіс адамның бүкіл өміріне созылады. Өзін-өзі анықтаудың мәні субъектінің өзінің өмір сүруінің мәнін, сонымен қатар адамның жалпы іске қосқан үлесіне сәйкес еңбекте әділ әлеуметтік баға алуға мүмкіндік беретін күш-жігерге сәйкес кәсіп пен жұмыс іздеуі ретінде сипатталады. Айтылғандарды тұжырымдасак, өзін-өзі анықтау - бұл қоғамның талаптарын түсіну немесе қоршаған шындықтың нормалары мен құндылықтарының адам өзі қабылдайтын қызмет түрлерін таңдауға сәйкестігі арасындағы тепе-теңдікті табудың саналы әрекеті.

Тұлғаның өзін өзі анықтауы - ғылымның әр саласында қарастырылған мәселе. Біз жұмысымызда психология мен педагогикадағы кейбір еңбектерге ғана тоқталамыз. Психологияда өзін-өзі анықтауды: А.В. Петровский проблемалық жағдаяттарда өзіндік позициясын анықтайтын және бекітетін саналы әрекет [4]. Ю.Л. Неймер ақыл-ой дамуының маңызды көрінісі, дамудың мүмкіндіктерін белсенді іздестіру, пайдалы нәрсені жасаушылар қауымдастығына өзін толыққанды қатысушы ретінде қалыптастыру [5]. В.Ф. Сафин, Г.П. Ников белгілі бір дүниетанымды игеру және қабылдау, қоғамның субъективті қасиеттері мен қажеттіліктерін түсіну арасындағы тепе-теңдікті іздеу [6]. А.А. Леонтьев қоршаған шындықтың нормалары мен құндылықтарының жекелеген рефракциясы, оның құралдары, әлемге таңдамалы көзқарас, адамның өзін өзі қабылдайтын іс-әрекеттің түрлерін таңдау деп сипаттайды [7].

Кәсіби өзін-өзі анықтауда өзі туралы, өзіндік қасиеттері мен мүмкіндіктері, кәсіптер әлемі туралы идеялар, жұмыстың маңыздылығы туралы түсінік қалыптасады, ересектердің жұмысына құрметпен қарау сезімдері оянады. Бұл әсіресе мектеп жасына дейінгі жаста, немесе «ойын баласы» шақта жүргізілетін жұмыстар арқылы орын алады. Ойын барысында баланың жеке басының барлық аспектілері қалыптасады, оның психикасында айтарлықтай өзгерістер орын алып, дамудың жаңа, жоғары сатысына көшуге дайындалады. Бұл психологтар мектеп жасына дейінгі баланың жетекші қызметін қарастыратын ойынның үлкен білім беру мүмкіндіктерін түсіндіреді. Ерте жаста бала адами материалдық және рухани мәдениеттің көптеген объектілерінің мақсатын ашады және олардың мәнін тани, ұға бастайды.

Кәсіби өзін – өзі анықтаудың басты (ізгі) мақсаты – адамдағы өз даму келешегін өз бетінше саналы түрде жоспарлауға және оны іске асыруға деген іштей дайындықтың бірте – бірте қалыптасуы. Ізгі мақсат деп аталу себебі бұл мақсатқа қол жеткізу өте сирек кездеседі. Әсіресе елімізде қалыптасқан жоғары оқу орындарына қабылдау ережелеріндегі мемлекеттік оқу грантына қалайда ие болуды көздейтін жастар мамандық таңдауда қателіктерге ұрынып, өзінің көкейіндегі ізгі арманынан адасып жататындары жиі кездеседі.

Еліміздің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы) мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар айқындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына бағытталып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделеді.

Сөз етіліп отырған стандартта ең алдымен баланы еңбекке тәрбиелеу, еңбек адамына деген құрметке баулу мақсаттары көзделеді. *Еңбек тәрбиесі, балаларды өз бетінше орындалатын жұмысқа тарту және ересектердің жұмысын бақылау, оның адамдар өміріндегі маңызын түсіндіру баланың жеке басының жан-жақты дамуында маңызды рөл атқарады. Балабақшаның ересектер тобындағы балаларды еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты – еңбексүйгіштікке баулу, еңбектің адам үшін әлеуметтік және қоғамдық мәні мен маңызынан хабардар ету. Осы қасиеттер ерте бастан дарыған бала келешекте мамандық таңдауда қателікке ұрынбайды деп айта аламыз.*

Педагогикада «маман» ұғымы кең мағынадағы мәнде, жалпы осы мамандықты жан-жақты, терең меңгерген, осы ғылымның әр саласынан хабардар тұлға ретінде айтылады. Педагогикада «кәсіп» тар мағынада, айталық «мамандығы педагог», «кәсіби математик» деген мәнде қолданылып келеді. Сондықтан «кәсіп» дегенде математика пәнін оқытуды кәсіп еткен мұғалім немесе физика мен химияны оқытуды кәсіп еткен мұғалім жайлы айтсақ, «маман» дегенде жалпы педагогикалық бағытта кең көлемді білімі бар кәсіпқой адам туралы айтқан дұрыс [8].

А.К. Маркованың ұстанымы бойынша мамандық - бұл еңбекті саралау нәтижесінде оның түріне шектеу арқылы адамның өмір сүруіне және дамуына қажетті қаражатты алуға мүмкіндік беретін, әлеуметтік маңызды және адамның рухани және физикалық күштерін қолдану саласы [9].

Мектепке дейінгі балалардың ерте кәсіби бағдар беру жүйесіне ерте кәсіби ұмтылыстарды қалыптастыру үшін жағдай жасау, ересектердің кәсіби қызметі туралы түсініктерді қалыптастыру кезеңдерін бөлу, сол арқылы оның болашақта өмірлік жолын еркін таңдауды қамтамасыз ету кіреді.

Бұл ретте Н.Н. Захаровтың мансапқа ерте баулудың мақсаты - баланың кәсіби әлемге деген эмоционалды қатынасын қалыптастыру, оған өз өкілеттіктерін қол жетімді іс-әрекетте пайдалануға мүмкіндік беру деген пікірін келтіруді жөн көрдік [10].

Мектепке дейінгі білім саласында ерте мамандыққа бағыттау бағдарының негізгі бағыттары төмендегілер болып табылады: *кәсіптік тәрбие (балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштігін қалыптастыру); мамандықтар жайлы ақпараттандыру (балаларды мамандықтар әлемі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету)*. Бұл екі үрдіс ересектердің басшылығын қажет етеді және осы екі үрдіс мектепке дейінгі білім беру ұйымы жағдайында іске асырылуы қажет.

Мектепке дейінгі балалар іс - әрекетінің негізгі түрі - ойын. Ол бала дамуы мен балалар ұжымы қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым - қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Балаларды ойын арқылы ең алдымен еңбекке баулу жүзеге асырылады. Бұл жұмыс ерте өмірдің екінші жылында ересектердің іс-әрекеттерін заттардың көмегімен жасауға дағдыланудан басталады. Еліктеу арқылы олар ересектердің мінез-құлқының нормалары мен формаларын қайталайды. Ересектерге еліктей отырып, бала ойын барысында: еденді сұрту, қуыршақты киіндіру және шешіндіру, оны арбамен алып жүру сияқты белгілі бір еңбек әрекеттерін орындайды. Бұл ойыннан тыс уақытта алынған еңбек дағдылары мен дағдыларын игеруге және шоғырландыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, балалар қарапайым құралдардың мақсатын біліп, оларды игере бастайды: олар күрекпен қазып алады, олар балғамен соғады т.б. Бұл тұста тәрбиеші баланың ойынын бақылап, оған қандай әрекеттер қиын екенін байқайды және оларды игеруге көмектеседі.


Мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын ойындар: үстел үсті, дидактикалық, сюжеттік-рольдік болып бөлінеді. **Үстел үстінде** ұйымдастырылатын: жұппен суреттерді таңдау, пазлдардан еңбек құралдарын құрастыру, суреттерді жалпылама іріктеу, мысалы, «Дәрігерге не қажет», «Дүкенде не бар». Балалар тиісті элементтері бар суреттерді таңдайды, осылайша белгілі бір жұмыс нәтижесі ретінде элементтерді жіктеуге үйренеді; кәсіби тақырыпқа бөлінген бейнелерді құрастыру. Сөздік ойындар, мысалы, «Төртіншісі артық», «Кәсіпті бейнелеу (суреттеу) арқылы табу», «Компот даярлаймыз, қайнатамыз» сынды ойындар баланың сөздік қорын кәсіби саладағы түсініктермен толтыруға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар ересектердің айналысатын кәсібімен танысу үшін ойыншықтарды және нақты заттарды пайдалануды қамтиды. Мысалы, «Аспазшының заттары» ойынында балалар әртүрлі заттардан ойыншық ыдыс-аяқ пен ас құралдарын, сондай-ақ тиісті киімдегі қуыршақты таңдайды. Ұқсас ойындар - «Мұнда кім болды және ол не ұмытып кетті», «Жұмысқа бару үшін қуыршақты киіндіру», «Сайман-құралдарды топтап қорабшаға жинау» т.б.

Сюжеттік - рөлдік ойын еңбек тақырыбындағы ойындардың дамуын ынталандырып, тәрбиеші ойыншықтар таңдайды. Ойын барысында ережелер мен қатынастарды, мысалы, бағыныштыларды дәл сақтауға ерекше көңіл беріледі. Мұнда алдымен көшбасшылық пайда болады, балаларда ұйымдастырушылық қабілеттері дами бастайды. Үлкен топтың балалары ойын барысында ересектердің еңбек әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар адамдардың жұмысындағы қарым-қатынасты да бейнелейді. Мектепке даярлық топтарында (5-7 жас) рөлдік ойындарды айтарлықтай күрделендіруге болады. «Қыздар-аналар», «Дүкен», «Аурухана» сияқты әйгілі ойындар арқылы балалардың еңбек мәдениеті мен ересектердің күнделікті өмірінің элементтерін игеру, басқа адамдардың жұмысына өзара түсіністік пен құрмет сезімін ояту, жауапкершілік бөлуге үйрету міндеттерін жүзеге асыруға болады. Мұндай ойындарда балалар негізгі еңбек дағдыларына бейімделеді, көптеген құралдар мен тұрмыстық заттарды қолдануға машықтанады. Өз іс-әрекеттерін жоспарлау қабілетін, қиялын дамытады және қолмен қозғалыстар мен ақыл-ой операцияларын жүзеге асырады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу міндеттеріне сәйкес біз балалар бақшасының ересектер тобындағы балалардың мамандықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру мақсатында 1 жылдық мақсатты жұмыстың қалендарлық жоспары жасалып, мазмұн қарастырылып, әдістері анықталды.

Нәтижені талдау. Кестеден көріп тұрғандай біз сабақтарда белгілі бір мамандықтар туралы ғана хабарлап қана қоймай, ұсынылған тақырыптар аясында балалар олардың атқаратын қызметтері, қоғамдық мәні туралы мәліметтер алуы ойластырылған, Ең бастысы мұндай танымдық сабақтар балалардың өздерінің белсенді қатысуы арқылы жүзеге асады. Мұны қорытынды эксперимент кезінде жүргізілген диагностика байқатты.



1- Сурет «Қандай мамандықтарды білесіз?» сұрағына айқындаушы және қалыптастырушы эксперимент барысындағы жауаптардың берілу жиілігінің графикалық көрінісі

Жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыстардың балалардың мамандықтарға қатысты таным көкжиектерінің кеңігенін көруге болады. Балабақша тәрбиеленушілерінің балабақшадағы ауылдағы мамандықтар жайлы сабақтардан алған білімдерінің нәтижесі. Сонымен қатар мамандықтар туралы мәліметтерде алдыңғы орында «тәрбиешінің» тұруы бізді педагог ретінде қуантты. Бұл жауаптарды екі топтың да қыздар жағының бергені анықталды. Күнде көріп жүрген тәрбиеші апайларына ұсағы келулері, ол мамандардың да кәсіби тұрғыда артықшылықтарын көрсететі деген қорытынды жасауға негіз болады.

Қорытынды. Мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі кәсіп түрлеріне, ересектер еңбегіне деген қызығушылық танытуы және олар жайлы мақсатты түрде түсініктер қалыптастыруды ұйымдастыру тәрбиеленушілерге ерте кәсіби өзін өзі анықтауға бағдарлайды. Сонымен қатар бұл жұмыстарда ойын технологияларын тиімді қолдану негізінде өзара диалогтың пайда болуы олардың оқшаулануын болдырмайды, ұялшақтық, қорқыныш сияқты сапаларын жеңуге мүмкіндік береді. Балалар еңбекке деген сүйіспеншілікті, адам іс-әрекетінің кез-келген түрін құрметтеуге, кәсіптің қарапайым, бірақ өзіне тән ерекшеліктерімен танысуға және мектепте қалыптасатын дағдыларға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 529-532.
2. Узнадзе *Общая психология*. СПб.: 2004 - 413 с.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы
4. Петровский А.В. *Личность. Деятельность. Коллектив*. - М.: Политиздат, 1982.
5. Неймер Ю.Л. *Управление социальным развитием*. - М., 1986.
6. Ф. Сафин, Г. П. Ников *Психологический аспект самоопределения*. // *Психологический журнал*. М.: Мир, 1991. — 96 с. 110
7. Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность*. М: Политиздат, 1975. - 304с.
8. *Педагогика. Большая современная энциклопедия/Сост. Е.С.Рапацевич – Минск.: «Современное слово», 2005. – 720 с.*
9. Маркова А.К. *Психология профессионализма*. М., 1996.
10. Захаров Н.Н. Симоненко В. Д. *Профессиональная ориентация школьников*. М., 1989.